

3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. 11 тақырып. Қазақстан аумағындағы ғұндар, этникалық тегі, саяси тарихы, шаруашылығы қоғамдық құрылысы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Тұңғыш көшпелі империя Ғұн державасының саяси тарихын қарастыру жан-жақты қарастыру.

3. Лекция мазмұны. б.э.д. IV-III ғасырларда қазіргі Монғолияда мемлекетінің территориясында, Қытайдың батысында және Оңтүстік Сібір жерлерінде көшпелі ғұн тайпаларының күшті саяси бірлестіктері қалыптасты.

Б.э.д. 47 жылғы ғұндардың үдере көшуі, ішкі айтыс-тартыстар ғұндардың екіге бөлінуіне әкеп соқты. Солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінді. Солтүстік бөлігі Қытай империясының қол астына өтіп, оңтүстік бөлігі өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды.

Хундардың үдере көшуінің енді бір толқыны, б.э.д. 93 жылы басталды. Олар жолдарындағы тайпалардың бірін өздеріне ертіп енді біреулерін тізеге салып батысқа қарай жөнкіді. Сөйтіп олар Сырдария Арал маңайына Орталық және Батыс Қазақстанға сыналап кірді. Алайда ғұндар бұл жерлерде біржола тұрақты қалған жоқ. Олар орыстардың далалы аймақтарын басып өтіп, Дунай арқылы Батыс Европаға дейін жетіп ғұн деген атпен ғұмыр кешті. Сонымен б.э.д. II ғасырдан бастаған ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы б. з. IV ғасырына дейін созылған.

Ғұндардың жоғарғы билеушісі шаньюй деп аталды. Егер патриархаттық-рулық құрылыстың кезінде шаньюйді ру ақсақалдары сайлайтын болса, ал патриархаттық-феодалдық жаңа қатынастың дамуына байланысты шаньюйдік ендігі жерде мұрагерлікке көшеді. Шаньюй өлсе оның орнына інісі не үлкен баласы билікті өз қолдарына алатын болды.

Б.з.б. I мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап Еуразияның этникалық саяси тарихында Орталық Азияның көшпелі тайпаларының рөлі өсті. Осы өңірде, Байқалдан оңтүстікке таман және Ордосқа дейін созылып жатқан далалық және шөлейт аудандарда экстенсивті мал шаруашылығымен шұғылданған, этникалық жағынан әртүрлі тайпалар көшіп жүрді. Бұл тайпалар алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы және әуелгі таптық қоғамға көшу сатысында тұрған еді. Сонымен бірге, көшпелі қоғамның дәстүрлері рулық ұйым сарқыншақтарының сақталуына себепші болды. Б.з.б. IV-III ғасырларда Қытайдың солтүстік шекараларында тұрған тайпалар топтасты. Тайпалық екі бірлестік – сюнну және дунху бірлестіктері қалыптасты; бұлардың біріншісі өз заманындағы тарихи оқиғаларда айтарлықтай рөл атқарып,

көршілес елдердің тарихына ықпал жасады. Сюннулер (хунну немесе ғұндар) б.з.б. III ғасырда күшейді. Тайпалардың бұл тобының аты қайдан шыққаны белгісіз. «Ғұн» деген неғұрлым кейінгі этноним сюнну (хунну) деген аттан шыққан; әулеттік хроникаларда бұл көшпелілер осылай аталған. «Сюнну» деген сөз – еуропалық деректемелерде кеңінен мәлім болған, кейініректегі одақтың ұйытқысын құрған тайпалардың өз атының қытайша жазылуы болуы да мүмкін. Ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе әлі анықталмаған. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы тегі деп есептейді. Ғұндардың күдіреті мейлінше күшейіп тұрған дәуірде олардың бірлестігіне түрлі тайпалардың кіргенін, сондықтан «ғұн» деген терминнің этникалық болудан гөрі саяси термин болғанын ескерген жөн. Қытаймен төрт ғасырдан астам уақытқа созылған кескілескен күрес ғұн тайпаларының бірігуіне себепші болды. Ханьдық Қытай ғұн тайпаларын талай рет құлданып алуға тырысты. Қытайдың әскери-саяси қуаты әлсіреген дәуірлерде ғұндар өз көршісімен белдесіп шыққан кезде айтарлықтай табыстарға жетіп жүрді. Ғұндардың бірігіп топтасуы, немесе хроникада айтылатындай, б.з.б. 209 жылы «ғұн үйінің өрлеуі» Мөде-шаньюйдің есімімен байланысты (шаньюй – ғұндардың билеушісінің атағы). Мөде ғұндарды күдіретті державаға айналдырған реформалар жасады. Мөде билеп тұрған жылдары ғұндар дунхуларды талқандады; олардың қалдықтары Маньчжурияға, Монғолия мен Оңтүстік Забайкальеге қашып барды. Саян-Алтай тайпаларын және үйсіндердің бір бөлегін жеңді. Мөде батыста юечжей тайпаларына қарсы жорықтар жасап, оңтүстікте ханьдық Қытайға қарсы ойдағыдай шайқасты. Б.з.б. 20-жылдары ғұндар Ордосты қайтарып алды, ал б.з.б. 200 жылы Хань әулетінің негізін қалаушы Лю Банды жеңді. Соғыста бірқатар сәтсіздіктерге ұшырағаннан кейін, б.з.б. 188 жылы Хань императоры Мөдемен «бейбітшілік және туыстық» туралы шарт жасасты. Шаньюй қытай ханшасын әйелдікке алды, ал Хань империясы ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұруға тиіс болды. Забайкальеден Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан территория ғұн шаньюйлерінің қол астына түсті. «Ғұн державасы» орасан үлкен, бірақ осал болды. Ішкі қайшылықтар, билік жүргізу үшін күрес және сыртқы сәтсіздіктер б.з.б. I ғасырда ғұндар державасының құлдырауына әкеліп соғып, ол ыдырай бастады. Б.з.б. 59 жылы ғұндардың өз арасында соғыс басталды. Б.з.б. 47 жылы ғұндар державасы оңтүстік және солтүстік ғұндар болып бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Хань империясына бағынды. Ал Чжичжишаньюй бастаған солтүстіктегі ғұндар тәуелсіздігін сақтап, ширек ғасырға жуық уақыт бойы елдігінен айрылмай, Хань империясы мен оңтүстіктегі ағайындары тарапынан үнемі шабуылға ұшырап отырды. Солтүстіктегі ғұндар Солтүстік Монғолияға және Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігіне көшіп баруға мәжбүр болды. Бұдан кейін олардың бір

бөлегі Тянь-Шаньнан өтіп, Қангюй тайпалық бірлестігімен көрші-қолаң отырды. Чжичжи-шаньюй кангюйлермен шарттық қатынастар орнатты; сөйтіп кангюйлер ғұндарға жерінің шығыс шетінде көшіп-қонып жүру үшін жер берді. Мұның өзі ғұндардың Қазақстан мен Орта Азия территориясына тұңғыш рет жаппай енуі еді. Екінші толқын б.з. I ғасырында басталды. Б.з. 93 жылы Хань әскерлері ығыстырған солтүстіктегі ғұндар бір тайпаларды бағындырып, енді біреулерімен одақ жасап, үшіншілерін ығыстыра отырып, тағы да батысқа қарай жылжыды. Сөйтіп, олар Тарбағатайға дейін келді. Оңтүстік Шығыс Балқаш өңірін жайлаған юебань тайпаларының пайда болуы ғұндардың осы жылжуымен байланысты болса керек. Тайпалардың ғұндардың қысымымен басталған жылжуы Орталық Қазақстанды, Сырдариядан солтүстікке қарай жатқан өңір мен кангюй иеліктерін қамтыды. Кейінірек ғұндар (бұл кезде олар өздерінің этникалық өзгешелігінен едәуір дәрежеде айрылған еді, сөйтіп, бұл термин ғұндардың түрткісімен көше бастаған алуан текті тайпалар үшін ортақ термин болды). Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, алаңдар мен асшаларды батысқа қарай ығыстырды. Бұл процесс көшкіндей ұлғайып, б.з. IV ғасырының бірінші жартысында көбінесе мейлінше әртекті, бірақ европалықтарға «ғұндар» деген жалпы атпен мәлім болған көшпелілердің құмырсқадай қалың нөпірі Шығыс және Орталық Еуропаның далаларына жеткенге дейін үш ғасырдан Герасимовтің қайта құрастырмасы астам уақытқа созылды. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» Қазақстанның, Орта және Алдыңғы Азияның, Еуропаның этникалық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. Қазақстан территориясында жергілікті тұрғындардың антропологиялық типіне монғол типтес элементтердің жайылуының алғашқы күшті толқындарының бірі және, бәлкім, өлкенің бүкіл территориясында түркі тілдерінің кеңінен таралуы ғұндардың қысымынан болған шығыс тайпаларының миграциясымен байланысты болса керек. Орталық Азиядағы тайпалардың жылжуы сақтар мен усундердің біразының батысқа қоныс аудару себептерінің бірі болды. Археологиялық деректер сол кездегі Қазақстан территориясындағы тайпалардың мәдениеттеріндегі синкретизмді көрсетеді. Сонымен бірге, жергілікті халықтың антропологиялық типінің қан араласуы күшейе түседі. Болған өзгерістер ғұн бірлестігінің этникалық құрылымын және оның ілгері жылжуына байланысты туған тарихи процестердің күрделілігін сипаттайды. Әлеуметтік-экономикалық қатынастары. Ғұндардың өмірінде мал шаруашылығы басты рөл атқарды. Сыма Цянь былай деп жазады: «Қытайдың солтүстігінің сырт жағын мекендей жүріп, олар өздерінің малдарымен бір жайылымнан екінші жайылымға көшеді. Үй малдарынан жылқы, сиыр, қой-ешкі ұстайды; біразы түйе, есек, жылқы өсіреді. Шөптің қалың, судың мол болуына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүреді... Шонжарларынан

бастап бәрі де үй малдарының етімен тамақтанады, олардың терісін киім қылады, жүн мен аң терісін жамылады». Ғұндардың өмірінде жылқы ерекше маңызды рөл атқарды. Ал қойдың етін, терісін, жүнін пайдаланды. Қой терісі мен жүннен киім, аяқ киім жасады, жүннен киіз бастырды. Малдарының бәрі дерлік бүкіл жыл бойына жайып бағылды. Сондықтан жазда қуаңшылық, қыста көктайғақ болуы, мал індеті үлкен апатқа ұшыратып отырды; деректемелер мұны жиі көрсетеді. Ғұндарда отырықшылық та, егіншілік те болды. Деректемелерде «солтүстік жерлерде суық ерте түседі, сондықтан тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары себіледі» – деп хабарланады. Забайкальедегі Нижне-Иволгинское қала жұртын қазып ашқанда, еденді сылаған балшықта туралған сабан бар екені байқалған. Нақ осы арадан қысқы тұрақты жартылай жертөлелердің қалдықтары табылды, бұлар кандар жүйесімен жылытылатын болған, тары дәндері, шойын түрендер, темір орақ, тас дәнүккіштер және астық сақтайтын ұралар шықты. Осының бәрі ғұндардың шаруашылығында егіншіліктің әжептәуір рөл атқарғанын көрсетеді. Ғұндарда жақсы ұйымдастырылған әскер болған. Мұның негізі тез жүретін атты әскер болды. Атты әскердің қаруы садақ пен жебе еді. Қазбалардан табылған материалдарға қарағанда, жақтардың екі түрі болған. Ертедегі садақ ағашты иіп жасады, адырнасы тарамыс болды. Ағашы сүйек қаптырмалармен қапталды (барлығы жетіге дейін қаптырма болды): екі жағында адырнаны байлайтын кертпешесі бар екі қаптырма, ортасында трапеция тәрізді қаптырма, соңғысы жебе атылатын жеріне орнатылды. Осылайша, жақтың иілгіштігі күшейтілді. Садақтың ұзындығы 70-80 см болды. Жебеге үш қырлы темір ұш орнатылды. Екінші түрі – бұл ауыр садақ, онымен атқанда, ұңғысы бар үш қырлы темір ұшты жебе қолданылды. Мұндай садақ пен жебелер сауыт киген жауға қарсы қолданылды.

Ғұн қоғамында патриархаттық-рулық институттары әлі күшті болған еді. Ғұндар 24 руға бөлінген. Олардың басында ағамандар тұрған. Ағамандар кеңесі мен халықжиналысы жұмыс істеген. Әскери тұтқындардан құралған құлдар да болған. Жазба деректер ғұндар қоғамындағы өкімет белгісі туралы мәлімет те қалдырған. Елді шаньюй басқарған. Одан кейін түменбасылар болды. Ғұндар қоғамында мал мен жерге жеке меншіктің пайда болуы, тұрпайы бюрократтық аппараттың құрылуы, алым-салық, жазу-сызудың болуы таптық қоғам мен мемлекеттің пайда болуын туғызды. Сыма Цянь «Тарихи жазбаларда» ғұндардың левират ғұрпы туралы былай дейді: «Әкесі мен ағалары өлсе тұқым құрымасын деп олардың әйелін өздеріне алады; сондықтан ғұндарда қан араласу болса да, тұқым құрымайды». Алайда, ғұндардың патриархаттық-рулық құрылысының қойнауында жаңа қоғамдық қатынастар жетіле бастады. Молалардан табылған материалдар ғұн қоғамындағы мүлік теңсіздігін айқын

көрсетеді. Ондағы төменгі топтар соғыс тұтқындарынан құралған құлдар мен бағынышты аймақтар халқы болды. Олар үй малайлары, мал бағушы, қолөнерші, жер жыртушы ретінде пайдаланылды. Ғұндарда малға семьялық және жеке меншік болғаны туралы мәліметтер бар. Сыма Цянь олардың князьдері Хань елшісі Су Уға үйірлеп жылқы, қоралап қой сыйлады, сыйлық ретінде қара мал бермек болды деп хабарлайды. Ғұндарда ауыл-ауыл болып көшу әдісі қолданылған деп топшылауға, ал деректемелерде айтылған «әркімде бөлінген жер алқабы болды» деген сөздерді жекеменшік шаруашылықтарға саюға болады. Әуелгі таптық қоғамға тән қатынастар нығая түсті. Шаньюйдің билігі дара және мұрагерлік билік болды. Әдетте, ол тағын үлкен ұлына немесе інісіне өсиет етіп қалдыратын болды. Рулық дәстүр бойынша жаңа әміршіні ақсақалдар кеңесі бекітетін болса да, ол мұндай бекітусіз-ақ әмірін жүргізе беретін болды, ал риза болмаған ақсақалдардың басы кесілетін жағдай да аз болған жоқ. Шаньюйге едәуір күрделі мемлекеттік аппарат бағынды. Онда ең жоғары лауазымдарды патша әулетінің адамдары алды. Шонжар лауазыммен қатар басқаруға үлес жер алды, оның мөлшері шонжардың патша әулетімен туысқандығына байланысты болды. Ғұн шонжарларының байлығы мол болды. Олардың өте аумақты қабірлерінен көптеген алтын, күміс заттар, қалы кілемдердің, жібек маталардың қалдықтары және басқа қазыналар табылды. Байлықтың түсетін тұрақты көзі соғыстар болды. Соғыс кезінде тұтқындарды жаппай құлдыққа салатын болды. Мысалы, Қытайға шапқыншылық жасағанда ғұндар әр жолы ондаған мың тұтқын айдап әкететін болған. Шонжарлар құлдардың көпшілігін өз үлесіне ала отырып, олардың тегін еңбегін иемденіп, байып отырды. Құлдардың бірсыпырасын жер өндеуге салды. Борышқор болғандарды да құлға айналдырушылық болды. Лаошан шаньюй тұсында ғұн державасында кадастр – халықтың, малдың және мүліктің жаппай санағы – жүргізілді, осы санақтың негізінде халыққа салық салынды.

Ғұндардың мәдениеті. Ғұндардың мәдениеті жөніндегі негізгі мәліметтер ескерткіштерді қазып ашқан кезде алынды. Ғұндардың тұрмысын сипаттауда шонжарлар мен қатардағы жауынгерлер қойылған қабірлердің маңызы ерекше. Олардың кейбіреулері, мысалы, Ноин-Ула (Монғолия) өлікті қою әдет-ғұрпының байлығымен таңдандырады, мұның өзі мүлік жағынан ғұндардың едәуір жіктелуін де, олардың ақсүйектерінің пәрменділігін де көрсетеді. Ғұндар киіз үйлерде тұрған, сонымен қатар, қысқы тұрғын үйлері де болған. Иволгинское қала жұртын (Селенганың сол жақ жағасында, УланУдэнің оңтүстік батыс жағында 12 км), қазып ашқанда ғұндарда жылы тұрғын үй едені жер, жартылай жертөле болғаны көрінді. Балшықтан соққан үйдің қабырғалары іш жағынан сабан турап салған балшықпен сыланған. Үйді арқалықтар салып, қабықпен және шыммен жапқан. Ғұндардың

тұрғын үйлерінде үйді жылыту жүйесі болған: жер ошақтардың қабырғаларға жапсарластыра салынған мойындары үйді жылытатын болған. Олардың үстіне адам жататын нарлар салынған. Ғұндардың киімі теріден, аң терісінен және қолдан тоқылған қарадүрсін жүн маталардан тігілген. Дәулетті ғұндар жеңіл киімдерін Қытай жібегінен немесе мақта-матадан тіккізген, олардың көбі әдемілеп кестеленген. Киімдерінің түрлері – бешпент немесе жұқа шапан мен шалбар, қысқы киімдеріне жабағыдан, не аң терісінен ішіктер тігілетін болған. Байлары көбінде ғажайып кереметтер мен аңдар бейнеленген алтын, күміс және қола қаптырмалармен әшекейленген кемер белбеу буынған, оның өзінде белгілі бір суреттер адамның қоғамдық дәрежесін, пәрменділігін, байлығын бейнелейтін болған. Ғұндарда қолөнер кеңінен дамыған. Темір, қола өңдеумен қатар керамикалық өндіріс те едәуір жоғары деңгейге жеткен. Зергерлік өнері полихромдық стильде орындалған бұйымдармен сипатталады, ал бұл стильдің қалыптасуында ғұндар жетекші рөл атқарды. Ғұндар тұрмыста және шаруашылықта темір бұйымдарды – қару мен еңбек құралдарын пайдаланды. Әдетте, жалпақ келетін, екі жүзді, тұтқасы тегіс темір семсерлер, ай сияқты және айқаспа бәйегі бар қанжарлар болды. Темірді қыздырып соғып, жебе ұштарының екі түрі: ұңғылы үш қырлы кішкене ұштар және сабы бар шомбал жебе ұштары жасалды. Балқытып барып, қалыпқа құйып бұйым жасау әлі игерілмеген болатын. Басқа металдарға қарағанда тоға, ат-тұрмандары сияқты бұйымдар жасауға темір сирек қолданылды. Бұрынғыдай қоладан сәндік заттар және үйішінде қолданылатын бірқатар заттар жасалды. Шыңдау және құю арқылы әр түрлі тоғалар, ат-тұрманын сәңдейтін қаптырмалар, түйреуіштер, кішкене қоңыраулар мен малдың мойнына байлап жіберетін қоңыраулар жасалған. Мыстан еңбек құралдары да істелетін болған. Ағаштан тұтқасы бар, цилиндр бітімдес текше тостағандар, табақ, жүк аяқ, бесік жасалған. Ағашты өңдейтін негізгі құралдар балта мен шот болған. Қыш ыдыстар бітімі мен сыйымдылығы жағынан әр түрлі тұтқалы құмыралар, аяқтар, сапты аяқтар, қазандар болды. Қазанды қоладан құйып та жасаған. Иленген теріден киім, аяқ киім, қорамсақ, қалқан, белбеу, ат-тұрман жасайтын болған. Шаруашылықтарында жүн және тоқыма жұмыстары маңызды орын алған. Қазу жұмыстары кезінде қыштан және тастан жасалған көптеген ұршықбастар табылды. Ұршығы ұшталған таяқша – оның, бір ұшына дөңгелек немесе конус тәрізді ұршықбас кигізілген. Салмақты ұршықты тездетіп шиырғанда жіп қатты ширайды. Жүн матаның сорттары әр түрлі болды. Ғұндардың материалдық мәдениеті алғашқы кезде өздерінің ерекшеліктерін сақтап келсе де, кейін көршілес егіншілік мемлекеттердің ықпалына түскен.

Ғұндардың юэчжилермен, Қытаймен, үйсіндермен, қаңлылармен қарым-қатынасы. Ғұндардың юэчжи тайпасымен күресі ғұндардың жеңісімен аяқталды.

Юэчжилер тек біздің заманымызға дейін 174 - 165 жылдары түпкілікті талқандалды. Нәтижесінде, юэчжилер Орталық Азияға шегініп, Әмударияның жоғарғы ағысына жылжиды. Ғұндарға бағынғандардың арасында үйсіндер де бар еді. Қытай жазбаларында 36-ға жуықкөрші ұлыстардың бағындырылғандығы айтылған. Мәде біздің заманымызға дейін 174 жылы қайтыс болды.

Мөденің баласы Лаушан тұсында юэчжилер тасталқан болып жеңіліп, олардың бір бөлігі Жетісуды мекен етті. Жетісудағы сақтардың бір бөлігі юэчжилердің қысымынан Ферғананы басып өтіп, Парфия, Бактрияға жылжып, келесі бір бөлігі Ауғанстан Солтүстік Үндістанға (Кашмирге) өтіп кетеді. Үлкен юэчжилер Жетісуды 30—40 жыл шамасындай ғана иемдене алды. Кейін Жетісуды үйсіндер юэчжилерден тартып алды. Ғұндардың әскери көмегінің арқасында үйсіндер осылайша Жетісуға орналасқан болатын. Батысқа қарай ығысқан юэчжилер Бактрияны өзіне бағындырады. Олардың енді бір бөлігі үйсіндермен араласты.

Ғұндар мен Қытай арасында айырбас сауда жүріп тұрды. Бұл, әсіресе ғұндарға тиімді еді. Біздің заманымызға дейін 158 жылы шекарадағы сауда көздерін кеңейту мақсатында тәңіркүты Қытайға қарсы соғыс ашты. Біздің заманымызға дейін 152 жылы ғұндармен тағы сауда жөніндегі шартқа қол жеткізеді. Шекаралық аймақтардасауда орындары ашылады. Сонымен қатар Гобиден оңтүстікке қарай жайылымдарды қайтарып алады.

Біздің заманымызға дейін 133 жылы ғұн-қытай соғыстарының жаңа кезеңі басталды. Бұл жолы соғысты қытайлықтар бастады. Әскери кимылдар бұрынғы ғұн аумағына ауысты. Соңғы ұрыста 90 мың ғұн әскері талқандалды. Біздің заманымызға дейін 90-жылдардағы қақтығыстарда 70 мың қытай әскері ғұн әскерін жеңе алмады. Өзкүшімен ғұндарды жеңе алмайтындығына көзі жеткен Қытай билеушілері енді 20 жыл үзілістен кейін басқа көшпелі тайпаларды ғұндарға қарсы айдап салуға кірісті. Біздің заманымызға дейін 71 жылы ғұндар бағындырған елдерді өз жағына тарта бастады. Солардың қатарында үйсін билеушісіне елші жіберіп, некелік байланыстар орнатады. Ғұндар да қарап қалмай, өз кезегінде үйсін күнбиіне (гуньмосына) бір қызын береді. Ал ғұндар мен қытайлықтар арасындағы текетірес одан әрі жалғаса берді. Ғұндар енді қытайлықтардың одақтасы — үйсіндерден кек алуға кіріседі. Үйсіндердегі қытай ханшасы император сарайына хат жолдап, үйсіндерге көмек беруін талапетеді. Қытайдың 100 мың атты әскері ғұндарға қарсы аттанады. Үйсіндердің өзі 50 мың әскер шығарады. Біріккен үйсін-қытай күштеріне қарсы тұра алмаған ғұндардың 39 мың беделді адамдары қолға түсіп, 700 мың малы

жаудың қолында қалды. Бұл ғұндар үшін орны толмас ауыр соққы болды. Біздің заманымызға дейін 71 жылы үйсіндерге қарымта шабуылға

шыққан ғұндарға шығыстан дунхулар, батыстан үйсіндер шабуыл жасады. Ғұндар әскері ауыр жеңіліске ұшырайды. Бүкіл малдарының тең жартысынан айырылады. Үштен бір бөлігі ұрыс алаңында қаза табады. Адамдарының 3/10 бөлігі аштан өледі. Қытай әскерлері де үш бағытта шабуылдап, мындаған әскерді тұтқынға түсіреді. Қытайлықтар ғұндарға қарсы көршілерін айдап салуын жалғастыра берді. Ғұндардан тартып алған жерге әскери еңбек армиялары орналастырады.

Біздің заманымызға дейін 59 жылы Қытай Батыс өңірді басқаратын орган құрды. Енді ғұндардың өз ішінде де іріткі басталып, билікке талас туған еді. Билікке таласудан, ішкі-сыртқы дағдарыстардан Ғұн мемлекеті ыдырап, біздің заманымызға дейін 55 жылы оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінеді. Хуханье шаньюй бастаған оңтүстік топ — Қытаймен бейбіт

қарым-қатынас орнатты. Ал Чжи-Чжи бастаған ғұндардың солтүстік бөлігі Қытайдың қысымымен батысқа ауады.

Біздің заманымыздың III ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Қазақстан мен Жетісуға келген ғұн тайпалары V ғасырға дейін өмір сүрген Юэбан мемлекетін құрды. Бұрынғы солтүстік ғұндардың ұрпақтары болып саналған аталмыш мемлекет дәстүрлі тәңірқұты атағын алды.

4. Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар.

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: “Миға шабуыл” лекциясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:

1-деңгейдің сұрақтары:

1. Қай деректерде алғаш рет хунну (сюнну) тайпалық одақтары туралы мәлімет кездеседі?
2. Қытай деректерінде ғұндардың билеушілерін қалай атаған?
3. б.з.д. 206 ж. ғұн тайпаларының басшысы кім болды?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. «Бейбіт және туыстық келісімінің» шарттары қандай болды?
2. б.з.д. 177 ж. ғұндардың әскери жорықтары туралы не белгілі?

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Солтүстік ғұндарды кім басқарды?
2. Ғұндардың оңтүстік және солтүстік болып бөлінуі қай уақытта болды?

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: б.з.д. 32 ғғ. саяси оқиғалар хронологиясын орнату қажет. Ғұндар мен Хань династиясы арасындағы қарым-қатынас кезеңдерін анықтау қажет. Ғұндардың күшею алғышарттары мен Хань династиясының жеңілу себептерін анықтау керек. Аталмыш оқиғалардың ежелгі Қазақстан тұрғындары тарихындағы алатын орнын анықтау.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz